

## Ұлттық сананы жаңғырту жолдарын зерттеу

<b>ЖАРИЯЛАНДЫ</b> 07.12.2025	<b>ТІРЕК СӨЗДЕР</b> «Рухани жаңғыру», bilimger, education, national consciousness, national identity, national values, spiritual modernization, value orientations, youth, білім беру, духовная модернизация, жастар, құндылықтық бағдар, молодежь, национальная идентичность, национальное сознание, национальные ценности, образование, ұлттық бірегейлік, ұлттық құндылықтар, ұлттық сана, ценностные ориентации	<b>СІЛТЕМЕ</b> <a href="https://bilimger.kz/185625/">https://bilimger.kz/185625/</a>
---------------------------------	--	---

**Молдан Айзат Сәбитқызы**

**Алибекова Гулназ Дуйсенбайқызы**

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті

«6B11102-Мәдени тынығу жұмысы» білім беру бағдарламасы Алматы қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Аға оқытушы **Есдаулетова Маржан Муратовна**

### Аңдатпа

Мақалада ұлттық сананы жаңғыртудың теориялық негіздері мен практикалық тетіктері талданады. Зерттеудің теориялық базасы ретінде Н.Ә.Назарбаевтың ұлттық жаңғыру тұжырымдамасы, С.Нұрматов, Т.Сәрсенбаев, С.Қалиев, С.Негимов және басқа да отандық ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ Б.Андерсон, Э.Геллнер, А.Д.Смит сияқты шетелдік зерттеушілердің ұлттық бірегейлік туралы тұжырымдары алынған.

Автор жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша (N=109–111) жастардың басым бөлігі (86,5 %) ұлттық сананы жаңғыртудың басты мақсаты ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту деп есептейтіні, 87,3 % білім беру жүйесінің міндетін ұлттық құндылықтарды білім арқылы насихаттаумен байланыстырғаны, 82,7 % ұлттық санаға кері әсер ететін негізгі фактор ретінде Батысқа еліктеу мен тіл мен дәстүрге немқұрайдылықты көрсеткені анықталды. Мақалада осы эмпирикалық деректер негізінде білім беру ұйымдарының, отбасының, бұқаралық ақпарат құралдарының және цифрлық ортаның ұлттық сананы жаңғыртудағы рөлі талданып, тілдік-мәдени саясат, құндылықтық тәрбие, цифрлық гуманитаристика мен мәдени коммуникация бағытында

нақты ұсыныстар беріледі.

**Түйін сөздер:** ұлттық сана, рухани жаңғыру, ұлттық құндылықтар, ұлттық бірегейлік, білім беру, жастар, құндылықтық бағдар.

## Abstract

The article examines both theoretical foundations and practical mechanisms of modernization of national consciousness in contemporary Kazakhstan. The theoretical framework relies on President N.Nazarbayev's concept of "spiritual modernization", works by Kazakh scholars such as S.Nurmuratov, T.Sarsenbayev, S.Kaliyev and S.Negimov, as well as classic theories of nationalism by B.Anderson, E.Gellner and A.D.Smith. A questionnaire survey (N=109-111) demonstrates that 86.5% of respondents see the main goal of renewing national consciousness in preserving and developing national values; 87.3% assign schools and universities the mission of promoting national values through education; 82.7% consider blind imitation of the West and indifference to language and traditions as the key negative factors. Using these empirical data, the article analyses the role of educational institutions, family, mass media and the digital environment in fostering national consciousness and proposes concrete measures in language and cultural policy, value-oriented education and digital humanities.

**Keywords:** national consciousness, spiritual modernization, national values, national identity, education, youth, value orientations.

## Аннотация

В статье рассматриваются теоретические основы и практические механизмы модернизации национального сознания в условиях современной Казахстанской Республики. Теоретическую базу исследования составляют концепция «духовной модернизации» Н.А.Назарбаева, труды отечественных ученых С.Нурмуратова, Т.Сарсенбаева, С.Калиева, С.Негимова, а также классические теории национализма Б.Андерсона, Э. Геллнера и А.Д.Смита. Анкетирование (N=109-111) показало, что 86,5 % респондентов считают главной целью обновления национального сознания сохранение и развитие национальных ценностей; 87,3 % связывают роль школы и вуза с пропагандой национальных ценностей посредством образования; 82,7 % называют основным негативным фактором слепое подражание Западу и равнодушие к языку и традициям. На основе полученных эмпирических данных анализируются роль системы образования, семьи, средств массовой информации и цифровой среды в обновлении национального сознания и выдвигаются конкретные предложения по языковой и культурной политике, ценностному воспитанию и развитию цифровых гуманитарных практик.

**Ключевые слова:** национальное сознание, духовная модернизация, национальные ценности, национальная идентичность, образование, молодежь, ценностные

ориентации.

## КІРІСПЕ

XXI ғасырда жаһандану үдерістері тереңдеген сайын ұлттық сананы жаңғырту мәселесі Қазақстан үшін стратегиялық маңызға ие болып отыр. Ұлттық сана – белгілі бір этностың тарихи жадын, рухани құндылықтарын, тілдік-мәдени кодын, әлеуметтік-саяси тәжірибесін біріктіретін күрделі дүниетанымдық жүйе. Тәуелсіздік жылдарында бұл жүйе нарықтық қатынастар, мәдени алмасулар, миграциялық процестер, цифрлық коммуникация сияқты жаңа факторлардың ықпалына ұшырады. Осы жағдайда «ұлттық сана қандай бағытта жаңғыруы тиіс?» деген сұрақ теориялық деңгейде де, практикалық саясат тұрғысынан да өзекті.

Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» еңбегінде ұлттың тарихи жадын жаңғыртпай, болашаққа нық қадам басу мүмкін еместігін айта отырып, ұлттық сананың мазмұнын жаңғырту мен формасын модернизациялауды жалпыұлттық міндет ретінде белгілейді. Кейінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында бұл міндет нақты жобалар мен бағыттар арқылы айқындалды, онда ұлттық бірегейлік, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, сананың ашықтығы, білім культі сияқты құндылықтар жаңғырған ұлттық сананың өзегіне айналуы керектігі көрсетілді.[1]

Ұлттық сана феноменін мәдени-философиялық тұрғыдан зерттеген С.Нұрматов «ұлттық болмыс пен ұлттық сана» арақатынасына назар аудара отырып, қазақ этносының тарихи тәжірибесі мен құндылықтар жүйесі заманауи қоғамдық өзгерістермен байланыста қарастырылуы тиіс екенін көрсетеді.[2]. Ж.А.Сейсенбаева ұлттық сана-сезімді адамның ұлттық қадір-қасиет, ар-ождан, жауапкершілік ұғымдарымен тығыз байланыстырады.[3]. Батыстық теорияларда Б.Андерсон, Э.Геллнер, А.Д.Смит ұлттық сана мен ұлттық бірегейлікке әртүрлі қырынан түсінік береді: бірі ұлтты «елестетілген қауымдастық» ретінде қарастырса, екіншісі оны индустриялық қоғамның өнімі, үшіншісі этносимволизм тұрғысынан, ұзақ тарихи символдар негізінде түсіндіреді.[9-11]

Осы ғылыми тұжырымдамаларды негізге ала отырып, мақалада ұлттық сананы жаңғыртудың теориялық-әдіснамалық аспектілері, білім беру жүйесі мен жастардың құндылықтық бағдарларының ұлттық санаға ықпалы, сондай-ақ эмпирикалық сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, ұлттық сананы жаңғыртудың нақты жолдары талданады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Ұлттық сана ұғымы және оның теориялық негіздері

Ұлттық сананы қазіргі ғылыми әдебиетте күрделі көпқырлы феномен ретінде

қарастыру қалыптасқан. С.Нұрматов ұлттық сананы этнос болмысының рухани өзегі, тарихи тәжірибені, тіл мен мәдениетті, ділді жинақтап тұратын интегралды құрылым ретінде сипаттайды, ол бір мезгілде индивидуалды және ұжымдық деңгейде көрініс табады.[2]. Ж.А.Сейсенбаева ұлттық сана-сезімді ұлттық қадір-қасиет, ар-намыс және этностық өзін-өзі танудың жиынтық көрінісі деп анықтайды, мұнда тұлғаның өз ұлты үшін жауапкершілік сезімі ерекше орын алады.[3]

Батыстық ғылыми мектептерде ұлттық сана түсінігі көбіне «ұлттық бірегейлік», «nation-building», «national consciousness» терминдерімен ұштасады. Б.Андерсон ұлтты белгілі бір тарихи жағдайда қалыптасатын, өзара тікелей таныс емес адамдар арасындағы қияли, бірақ эмоционалды қауымдастық деп түсіндіреді; оның ойынша, дәл осы «елестетілген қауымдастық» сезімі ұлттық санаға қуатты серпін береді. Э.Геллнер индустриялық қоғамда ұлттық сана стандартталған білім беру жүйесі мен ортақ мәдени кодқа негізделгенін, сондықтан ұлттық мемлекет пен ұлттық мәдениеттің арасындағы сәйкестік бұзылған жағдайда әлеуметтік дағдарыстардың күшейетінін айтады.[11]

А.Д.Смит этносимволизм бағытын дамыта отырып, ұлттық бірегейлік этностық мифтер, тарихи естелік, ортақ дін, тіл, территория және саяси институттар секілді «этнос өзегі» арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі деп тұжырымдайды.[10]. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының ұлттық санасы да түркілік дүниетаным, көшпелі өркениет тәжірибесі, исламдық құндылықтар, далалық демократия дәстүрі және сөз мәдениетіне негізделген шешендік өнер сияқты факторлар арқылы қалыптасқан. С.Негимовтің «Қазақтың шешендік өнері» монографиясында бағзыдан жеткен билер мұрасы, шешендік сөздер ұлттық санадағы әділдік, бірлік, еркіндік сияқты ұғымдарды қалыптастырған маңызды арна ретінде сипатталады. [6]

Ұлттық сананы жаңғырту, демек, оны түбірімен өзгерту емес, жоғарыда аталған тарихи-мәдени қабаттарды қазіргі заман талаптарына сай қайта оқып-түсіндіру, олардың негізінде жаңа мазмұндағы идентитет қалыптастыру дегенді білдіреді. Бұл процесте өткен мен бүгінді, дәстүр мен инновацияны диалектикалық бірлікте қарастыру – теориялық-әдіснамалық басты ұстаным.

### **«Рухани жаңғыру» идеясындағы ұлттық сананы жаңғырту тұжырымдамасы**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық сананы жаңғыртудың стратегиялық рамкасын айқындап берді. Н.Ә.Назарбаев аталмыш еңбегінде модернизацияны тек экономикалық-техникалық жаңару емес, ең алдымен қоғамдық сананы жаңарту ретінде қарастырып, ұлттық сана жаңғыруының бірнеше бағыттарын ұсынады: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы және туған жерге, жергілікті тарихқа құрмет. [1]

Бұл бағыттардың әрқайсысы ұлттық сананың белгілі бір компонентімен тікелей

байланысты. Мәселен, бәсекеге қабілеттілік пен прагматизм экономикалық-рационалды қырын күшейтсе, ұлттық бірегейлікті сақтау мен білім культі құндылықтық және когнитивтік деңгейдегі өзгерістерге сай келеді. Ұлттық сана жаңғыруының түпкі мақсаты – жаһандану жағдайында өзге мәдениеттермен тең дәрежеде сұхбат құратын, бірақ өзінің тарихи-мәдени тамырынан ажырамаған жаңа үлгідегі қазақстандық патриот қалыптастыру.

Отандық педагог-ғалымдар ұлттық сана мен ұлттық тәрбиені білім беру мазмұнына енгізудің түрлі модельдерін ұсынады.

С.Қалиевтің еңбектерінде қазақ этнопедагогикасы ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие жүйесіне кешенді енгізудің теориялық негізі ретінде қарастырылып, халықтық дәстүр, салт-жоралғылар, ауыз әдебиеті үлгілері арқылы жас ұрпақтың дүниетанымын ұлттық рухта қалыптастырудың жолдары жүйеленеді. Ж.Наурызбай ұлттық мектептің басты мұратын ұлттық мәдениет пен тілге негізделген тұлғаны тәрбиелеу деп көрсетеді. [4-5]


Осы теориялық ұстанымдар мен мемлекеттік бағдарлама қағидаларын біріктіре қарастырғанда, ұлттық сананы жаңғырту үш өлшемде жүруі тиіс: біріншіден, тарихи жад пен дәстүрді сақтай отырып, оларды заманауи мазмұнмен толықтыру; екіншіден, ұлттық құндылықтарды бәсекеге қабілетті білім мен инновациямен ұштастыру; үшіншіден, ұлттық бірегейлікті жаһандық азаматтықпен үйлестіру.

## Білім беру жүйесінің ұлттық сананы жаңғыртудағы рөлі

Ұлттық сананы жаңғыртудың негізгі алаңы – білім беру жүйесі. М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде баланың рухани дамуы, әсіресе ана тілін меңгеруі арқылы жүретіні, ұлттық рухты сіңіру мұғалімнің кәсіби әрі адамгершілік борышы екені ерекше атап өтіледі. Қазіргі жағдайда бұл міндет жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары, тәрбие жұмыстары, жасанды интеллект пен цифрлық білім ресурстарын қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

7. Мектеп пен жоғары оқу орындарының рөлі қандай?

110 ответов



### 3-сурет

Жүргізілген сауалнамада «Мектеп пен жоғары оқу орындарының рөлі қандай?» деген сұраққа берілген жауаптар (3-сурет) білім беру ұйымдарына деген қоғамдық сұраныстың айқын көрінісін көрсетті. Респонденттердің 87,3 %-ы мектеп пен ЖОО-ның басты миссиясы – **«білім арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау»** деп жауап берген. Бар-жоғы 9,1 % ғана бұл рөлді **«тек шетел тілдерін үйретумен»**, шамамен 3,6 % **«ұлттық тәрбиеге мән бермеумен»** байланыстырған. Бұл деректер білім беру мекемелерінің ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде оқу-тәрбие процесіне енгізуін жастар айқын күтетінін, ал ұлттық тәрбиеден бас тарту идеясы әлеуметтік қолдау таппайтынын анық көрсетеді.

Қазақ этнопедагогикасы бойынша С.Қалиев, Қ.Жарықбаев еңбектерінде тәрбие мазмұнын ұлттық ойындар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары арқылы байыту ұсынылады. С.Негимов білім беру қызметкерлері үшін шешендік өнердің рөлін, сөз мәдениетінің тәрбиелік әлеуетін негіздеп, ұлттық сананың тілдік-коммуникативтік қырын күшейтуді ұсынады. Демек, ұлттық сананы жаңғырту білім мазмұнын ұлттық-мәдени компонентпен толықтыруды ғана емес, оқыту әдістемесін де ұлттық тілдік дәстүрге сай жаңартуды талап етеді: пікірсайыс, шешендік өнер элементтері, ауызша-жазбаша эссе, жобалық жұмыстар арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға қатысты жеке позициясын қалыптастыру маңызды.


Сауалнама деректері мектеп пен ЖОО-ға деген сенімнің жоғары екенін көрсеткенімен, ұлттық сана мен құндылықтар мектеп шеңберінен тыс отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер арқылы да қалыптасатынын ескерген жөн. Сондықтан білім беру саясаты медиағалымдар, дінтанушылар, мәдениеттанушылармен кешенді түрде үйлестірілгенде ғана ұлттық сананы жаңғыртудың интеграцияланған нәтижесіне қол жеткізуге болады.

### **Жастардың құндылықтық бағдарлары: эмпирикалық зерттеу нәтижелері**

Ұлттық сананы жаңғырту жолдарын айқындау үшін жастардың өзіндік құндылықтық бағдарларын эмпирикалық тұрғыда зерделеу қажет. Жүргізілген сауалнамаға қатысқан 109-111 респонденттің жауаптары бірнеше маңызды тенденцияны көрсетті.

## 2. Ұлттық сананы жаңғыртудың басты мақсаты не?

111 ответов




1-сурет

Біріншіден, «Ұлттық сананы жаңғыртудың басты мақсаты не?» деген сұраққа берілген жауаптар (1-сурет) бойынша 86,5 % респондент **«ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту»** нұсқасын таңдаған. Тек 6,3 % ұлттық сана жаңғыруын **«тек үлкендерге қажет қасиет»** ретінде қабылдаса, 7,2 % **«дәстүрлерден толық бас тартуды»** қолдайтындарын білдірген. Бұл нәтиже жастар арасында дәстүрден бас тарту, «ұлттық сана – тек аға буынға тән» деген көзқарастың кең таралмағанын, керісінше, ұлттық құндылықтарды болашақта да сақтау қажеттігін мойындайтындар үлесінің өте жоғары екенін көрсетеді.

## 5. Ұлттық санаға кері әсер ететін факторлар?

110 ответов




2-сурет

Екіншіден, «Ұлттық санаға кері әсер ететін факторлар?» деген сұрақ (2-сурет) жастардың жаһандану жағдайындағы қауіптерді қалай қабылдайтынын айқындады. Респонденттердің 82,7 %-ы **«Батысқа еліктеу, тіл мен дәстүрге немқұрайдылықты»**

негізгі қауіп ретінде көрсе, 12,7 % «**ұлттық жобаларды қолдаудың**» кері ықпал етуі мүмкін деп ойлайды, шамамен 4,6 % «**мәдени іс-шаралар өткізуді**» жағымсыз фактор деп көрсеткен. Мұнда сұрақтың мазмұндық құрылымы да маңызды: ұлттық жобаларды қолдау мен мәдени іс-шаралар өткізу шын мәнінде жағымды құбылыс болғанымен, белгілі бір респонденттер оларды формализммен, науқаншылықпен, «көрсеткіш үшін» өткізілетін шаралармен байланыстыруы ықтимал. Дегенмен, сауалнама нәтижесі жастар ұлттық санаға нақты қауіп ретінде мәдени гегемонияны, тілден алыстауды, рухани немқұрайдылықты айқын сезінетінін дәлелдейді.

#### 9. Ұлттық сананы жаңғырту үшін өз тарапыңыздан не істер едіңіз?

109 ответов



4-сурет

Үшіншіден, «Ұлттық сананы жаңғырту үшін өз тарапыңыздан не істер едіңіз?» деген сұрақ (4-сурет) жастардың жеке жауапкершілік деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Респонденттердің 83,5 %-ы «**тілді, дәстүрді насихаттап, үлгі болуға**» дайын екенін айтса, 13,8 % «**ұлттық құндылықтарды ұмытар едім**», 2,7 % ғана «**шетел мәдениетін ғана дәріптер едім**» деген көзқарасты таңдаған. Бұл дерек жастардың айтарлықтай бөлігі өздерін ұлттық сана жаңғыруының белсенді субъектісі ретінде көретінін, жеке үлгі мен тұлғалық жауапкершілік факторын жоғары бағалайтынын көрсетті.

Аталған нәтижелерді отандық және шетелдік теориялармен салыстыра отырып, ұлттық сананы жаңғыртуда жастардың ішкі мотивациясы, патриоттық сезімдері мен құндылықтық өзін-өзі анықтауы жеткілікті әлеуетке ие екенін байқауға болады.

Б.Андерсон сипаттаған «елестетілген қауымдастық» сезімі жастардың ұлттық құндылықтарды болашақпен байланыстыруында айқын көрініс тапса, Э.Геллнер айтқандай, білім беру мен бұқаралық коммуникация құралдары бұл сезімді күшейтетін немесе әлсірететін негізгі арналарға айналуға арналуда. [9, 11]

Сауалнама нәтижесі жастардың басым бөлігінің ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған позитивті ұстанымын көрсеткенімен, ұлттық санаға қауіп ретінде Батысқа

біржақты еліктеуді жиі атауы олардың медиамәдениет кеңістігінде сыни ойлауды күшейту қажеттігін байқатады. Сондықтан ұлттық сананы жаңғырту стратегиясы жастардың өзіндік мәдени талғамын қалыптастыруға, шетел мәдениетінен тек прогрессивті элементтерді таңдай білу дағдысын дамытуды көздеуі тиіс.

### **Ұлттық сананы жаңғырту жолдары: тілдік-мәдени саясат, цифрлық орта және құндылықтық тәрбие**

Ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған практикалық қадамдар бірнеше өзара байланысты деңгейде жүзеге асуы қажет. Біріншіден, тілдік-мәдени саясатта қазақ тілінің қоғамдық-коммуникативтік аясын кеңейту, оның ғылыми-техникалық терминологиядағы әлеуетін арттыру, қазақтілді сапалы медиа-контент өндірісін қолдау басты міндеттердің бірі болып қала береді. Жұмабаев, Байтұрсынұлы, Жұбанов, Сыздық еңбектерінде тіл мәдениеті мен сөз нормасы ұлттық болмыстың тірек діңгегі ретінде қарастырылатыны белгілі. Бұл идеялар қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтқан жоқ: тіл – ұлттық сананың ядросы, сондықтан ұлттық сананы жаңғырту тілдің қоғамдағы мәртебесін нақты іс-шаралармен нығайтуды талап етеді.

Екіншіден, білім беру жүйесінде оқу жоспарларын ұлттық-мәдени мазмұнмен байыту, тарих, әдебиет, «Өлкетану», «Рухани жаңғыру» сияқты пәндерді пәнаралық байланыста оқыту, цифрлық білім ресурстарында ұлттық құндылықтарды визуалды-интерактивті форматта ұсыну маңызды. Қазіргі жас ұрпақ ақпаратты көбіне цифрлық платформалардан қабылдайтындықтан, ұлттық құндылықтарды тек дәстүрлі мәтіндер арқылы емес, подкаст, анимация, деректі фильм, онлайн-курс, білім беру ойындары, виртуалды музей сияқты форматтарда беру – ұлттық сананы жаңғыртудың тиімді жолдарының бірі.

Үшіншіден, отбасы институтын, дәстүрлі тәрбие формаларын қолдау қажет. Қалиев, Наурызбай, Ұзақбаева еңбектерінде халық педагогикасының отбасы тәрбиесіндегі рөлі жан-жақты ашылады; оларда баланың алғашқы әлеуметтік-мәдени тәжірибесі отбасында қалыптасатыны, әке-шеше, ата-әже өнегесі арқылы ұлттық мінез бен дүниетанымның негізі қаланатыны дәлелденеді. [ Сауалнама деректері жастардың өздерін үлгі болуға дайын екенін көрсетті; ал отбасы мен мектеп осы дайындықты қолдаған жағдайда, ұлттық сана жаңғыруының әлеуметтік базасы әлдеқайда нығая түспек.[4-5]

Төртіншіден, цифрлық гуманитаристика мен медиа-мәдениет саласында ұлттық тарихи-мәдени мұраларды цифрландыру, ашық архивтер мен электронды кітапханаларды дамыту, қазақ тіліндегі ғылыми-популярлық контентті көбейту қажет. Бұл бағытта ұлттық энциклопедиялар, цифрлық антологиялар, аудио-подкасттар, онлайн-дәрістер платформалары ерекше рөл атқара алады. Мұндай ресурстар жастарға ұлттық тарих пен мәдениетті, шешендік өнер мен фольклорды тек оқу құралы ретінде

ғана емес, шығармашылық шабыт көзі ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.[6]

Бесіншіден, ұлттық сананы жаңғыртудағы діни-рухани факторды да ескерген жөн. Қазақ ойшылдары (Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім және т.б.) еңбектерінде адамдық кемелдену, ар-ождан, иман, әділет ұғымдары ұлттық сананың моральдық-этикалық өзегін құрайды. Қазіргі кезеңде бұл мұраларды зайырлы және академиялық тұрғыда түсіндіру, жас буынға радикалды және догматикалық көзқарастардан алшақ, гуманистік-құндылықтық бағдар ретінде ұсыну маңызды.

Жалпы алғанда, ұлттық сананы жаңғырту – бір реттік науқан емес, ұдайы жүретін ұзақ мерзімді әлеуметтік-мәдени процесс. Оның табысы мемлекеттік саясаттың жүйелілігіне ғана емес, әрбір азаматтың, әсіресе жастардың ұлттық құндылықтарды заманауи өмір салтымен үйлестіруге деген жеке талпынысына байланысты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелері ұлттық сананы жаңғырту мәселесін Қазақстан қоғамында тек теориялық деңгейде ғана емес, практикалық тұрғыда да жоғары сұранысқа ие құбылыс екенін көрсетті. Теориялық талдау ұлттық сананың этностық болмыс, тарихи жад, тілдік-мәдени код және құндылықтық бағдарлармен тығыз байланысты екенін дәлелдеді; отандық (Нұрматов, Сейсенбаева, Қалиев, Негимов) және шетелдік (Андерсон, Геллнер, Смит) ғалымдардың еңбектері ұлттық сананы жаңғыртуда дәстүр мен модернизацияның диалектикалық бірлігін сақтаудың маңызын айқындады. [9-11]

Сауалнама нәтижелері жастардың едәуір бөлігі ұлттық құндылықтарды сақтауды ұлттық сананы жаңғыртудың басты мақсаты деп қабылдайтынын, білім беру мекемелерінен ұлттық құндылықтарды білім арқылы насихаттауды күтетінін және Батысқа еліктеу мен тіл мен дәстүрге немқұрайдылықты негізгі қауіп деп санайтынын көрсетті. Сонымен қатар, респонденттердің басым бөлігі ұлттық сананы жаңғыртуға өз тарапынан тіл мен дәстүрді насихаттап, үлгі болу арқылы үлес қосуға дайын екендігін білдірді. Бұл фактілер ұлттық сананы жаңғырту саясаты жастардың ішкі сұранысына сүйенген жағдайда неғұрлым нәтижелі болатынын дәлелдейді.

Мақалада ұсынылған тілдік-мәдени саясатты күшейту, білім беру мазмұнын ұлттық-мәдени компонентпен толықтыру, отбасы тәрбиесін қолдау, цифрлық гуманитаристиканы дамыту, медиамәдениеттегі сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру сияқты бағыттар ұлттық сананы жаңғыртудың кешенді стратегиясын құрайды. Болашақ зерттеулерде аймақтық ерекшеліктерді, этномәдени алуантүрлілік пен урбандалу үдерістерін ескере отырып, ұлттық сана жаңғыруының индикаторларын, өлшемдік құралдарын әзірлеу өзекті болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Назарбаев Н.Ә.** Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.  
Қолжетімді: <https://kisi.kz/kk/publications/tarikh-tolkynynda>
2. **Нұрматов С.** Ұлттық болмыс пен ұлттық сана: Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 131 б.
3. **Сейсенбаева Ж.А.** Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда педагог ұстаздар негізгі рөлге ие. – Алматы: Ұлттық тәрбие журналы, ISSN 2079-9330. – 29 б.  
Қолжетімді библиографиялық жазба: <https://www.kaznpu.kz>
4. **Қалиев С.** Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 552 б.  
Қолжетімді библиографиялық жазба: <https://www.kaznpu.kz>
5. **Қалиев С.** Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. – 128 б.  
Қолжетімді библиографиялық жазба: <https://www.kaznpu.kz>
6. **Негимов С.** Қазақтың шешендік өнері: монография. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 338 б.
7. **Жұмабаев М.** Педагогика. – Алматы: «Marfu Press», 2022. – 184 б.
8. **Наурызбай Ж.** Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.  
Қолжетімді библиографиялық жазба:  
[https://www.kaznpu.kz/docs/novosti/UT4\\_12\\_2012.pdf](https://www.kaznpu.kz/docs/novosti/UT4_12_2012.pdf)
9. **Anderson B.** *Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism.* – London: Verso, 2006. – 224 p.  
Қолжетімді: [https://archive.org/details/imaginedcommunit0000ande\\_f5f1](https://archive.org/details/imaginedcommunit0000ande_f5f1)
10. **Smith A. D.** *National Identity.* – London: Penguin Books, 1991. – 226 p.  
Қолжетімді: <https://archive.org/details/nationalidentity0000smit>
11. **Gellner E.** *Nations and Nationalism.* – Ithaca: Cornell University Press, 1983. – 170 p.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.